



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

05.02.2025 № 1 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның
2025 жылғы 5 ақпандагы
қаулысы

Астана қаласы әкімдігінің
«Еңбек үтқырылығы
орталығы» КММ қызметін
талдау. Жұмыссыздықтың
алдын алу және жұмыспен
қамтуға жәрдемдесу
жөніндегі шаралардың
тиімділігі. Еңбек нарығын
талдау

Бланк сериялық номірлік жарнамасы
Бланк без серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) жұмыссыздықтың алдын алу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар туралы ақпаратты тыңдалап, талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

Бүгінгі таңда елорданың еңбек нарығындағы жағдай тұрақты. Жұмыссыздыққа қарсы белсенді шараларды қолдану жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді, бұл жұмыссыздықтың 4,4 %-н құрайды. Есепте жұмыссыз ретінде 14 492 адам тұрады, оның ішінде 8 292 жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушылар, 3 012 жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысушылар, 3 188 белсенді жұмыс іздеуде.

2024 жылдың қорытындысы бойынша жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру шенберінде 23 343 адам қамтылды, оның ішінде 8 353 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды, 3 369 адам қоғамдық жұмыстарға жіберілді, 1 220 адам жастар практикасынан өтүге, 284 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 322 адам бірінші жұмыс орнына жолдама алды. Ұрпактар келісімшарты шенберінде 5 адам, Күміс жас - 830 адам, оқу үйімдарында қысқа мерзімді курстар – 168 адам, жұмыс берушіде жұмыс орнында қысқа мерзімді курстар – 64 адам, кәсіптік біліктілікті тануға бір реттік Ваучер беру – 17 адам, skills.enbek.kz порталда онлайн-оқыту -1 310 адам, «Бастау Бизнес» жоба бойынша оқыту - 4 048 адам, жаңа бизнес-

идеяларды іске асыруға гранттар беру – 126 адам, әлеуметтік кесіптік бағдарлау – 3 227 адам қамтылды.

Жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыруға 6 959,1 миллион теңге қарастырылған, орындау 100% - құрады.

Отырысқа дайындық аясында Астана қаласы мәслихатының депутаттары жұмыс беруші жаңындағы екі оку орталығын және мемлекеттік грант алушы құрган кесіпорынды арапады. Олар азаматтарды жаңа мамандықтарға оқыту және оларды одан әрі жұмысқа орналастыру үдерісімен танысты. Сондай-ақ, депутаттар гранттық қолдаудың арқасында ашылған сұлулық салонына барып, оның жұмысын зерделеді.

Сонымен қатар, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы» ШЖҚ МҚҚ (iКОМЕК109 орталығы) ұсынған деректерге сәйкес, 2023 жылдың басынан бастап Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек ұтқырлығы орталығы» КММ қызметіне қатысты 45 өтініш тіркелген. Өтініштердің басым бөлігі жұмыс іздеп жүрген адамдарды жұмыссыз ретінде тіркеуге, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беруге, сондай-ақ жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтамаға қатысты келіп түсті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ:**

1. Жұмыссыздықтың алдын алу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ:

халықты жұмыспен қамтуды арттыруға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған жергілікті және орталық деңгейдегі қолданыстағы құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу және ұсыну;

жастардың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру мақсатында «Жасыл ел» бағдарламасын ықтимал қайта пішімдеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

жастардың бастамаларын іске асыру үшін бюджет есебінен кредиттеу бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қаражаттандыру мүмкіндігін қоса алғанда, жұмыссыз жастарға қайтарымды қаражат беру нұсқаларын талдау;

«FSM Social» халықты әлеуметтік қолдауды цифрландыру бағдарламасын таныстыру;

мүгедектігі бар адамдардың жұмысқа орналасуына, олардың қызмет түрлері бойынша бөлінуіне, жұмысқа орналасудың қазіргі қажеттілігіне құрылымдық талдау дайындау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ:

«JOLТАР» жобасының оқыту курстарын өткізу тілдері туралы ақпарат беру;

білім алушылардың теріс пікірлерін ескере отырып, оқытушылардың біліктілігіне қойылатын талаптар туралы, сондай-ақ жүргізілетін оқыту

сапасын бағалау туралы мәліметтер беру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**

А.Смагулов